

Қазақстан Республикасында негізгі қорларды /құрал-жабдықтарды/ индекстеу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 21 қазан N 1178. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997.07.24. N 1174 қаулысымен. ~P971174

Кәсіпорындар мен ұйымдарға негізгі қорларды жаңартуға арналған ақшалай қаражат ресурстарын құраудың экономикалық негізделген шарттарын жасау және оларды жекешелендіру процесінде мүлікті бағалау үшін қажетті бастапқы база құру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы е т е д і :

1. Қазақстан Республикасындағы бірлестіктер, кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер меншік нысандарына, қызметі мен режимділік түріне қарамастан, 1994 жылғы 1 қазанға дейін негізгі қорларды /құрал-жабдықтарды/ индекстеу ісін жүргізеді, ал 1995 жылдан бастап негізгі қорлар /құрал-жабдықтар/ құнының Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті белгілейтін коэффициенттері ескеріліп, бұл істі 1 қаңтардағы және 1 шілдедегі жағдай бойынша жылына екі рет, ал 1 қаңтардағы жағдай бойынша 1996 жылғы 1 қаңтардан бастап жылына бір рет жүргізеді деп белгіленсін.<*>

ЕСКЕРТУ. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.07.11. N 889 қаулысымен.

2. Кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің негізгі қорларын /құрал-жабдықтарды/ индекстеу тәртібі туралы қоса беріліп отырған Ереже б е к і т і л с і н .

3. Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен және Қаржы министрлігімен бірлесіп, негізгі қорларды /құрал-жабдықтарды/ индекстеу бойынша мемлекеттік статистикалық есеп беруді әзірлесін және оны 1995 жылғы 1 қаңтардан бастап енгізсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі негізгі қорларды /құрал-жабдықтарды/ индекстеу нәтижелерін бухгалтерлік есеп-қисап пен есеп беруде көрсету тәртібін белгілесін.

5. Қазақстан Республикасының ұйымдарына қызметі мен режимділігінің түріне қарамастан, 1995 жылдың 1 шілдесінен бастап негізгі қорлардың (құрал-жабдықтардың) тиісті түрлеріне индекстеу жүргізу сәтінде жинақталған

олардың баланстық құнын нарықтық бағаға икемдеп, негізгі қорларды (құрал-жабдықтарды) тікелей қайта есептеу жолымен жүзеге асыруға құқық берілсін. < * >

Ескерту. Қаулы 5-тармақпен толықтырылды - ҚРМК-нің 1995.07.13. N 958 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер

Кабинетінің

1994 жылғы 21 қазандағы

N 1178 қаулысымен

Бекітілген

Кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің негізгі қорларын /құрал жабдықтарын/ индекстеу тәртібі туралы

ЕРЕЖЕ

1. Бұл Ереже бірлестіктердің, кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің негізгі қорларды жаңартуға арналған, сол сияқты олардың құнын қолданылып жүрген бағаларға сәйкестендіру үшін ақша қаражаты ресурстарын қалыптастырудың экономикалық негізделген жағдайларын қамтамасыз ету мақсатында жүргізілетін негізгі қорларды /құрал жабдықтарды/ индекстеудің бірыңғай тәртібін белгілейді.

2. Қолданыстағы, сол сияқты консервация, резервте, запаста тұрған немесе құрылысы аяқталмаған үйлердің /оның ішінде тұрғын үй қоры иелігіндегі/, құрылыстардың, беруші құрылғылардың, машиналардың, жабдықтардың, көлік құралдары мен негізгі құралдардың басқа да түрлерінің құны, сондай-ақ жалға, уақытша пайдалануға немесе кепілдікке берілген объектілер, техникалық жай-күйіне /тозу деңгейіне/ қарамастан индекстеуге жатады.<*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.07.11.

N 889 қаулысымен.

3. Негізгі қорларды /құрал жабдықтарды/ индекстеу /қосымшаға сәйкес/ үшін олардың 1994 жылғы 1 қазандағы жағдайына қарай түгендеудің нәтижелері бойынша белгіленген толық баланстық құны және өнеркәсіп өнімдерін өндіруші кәсіпорындардың көтерме бағаларын орташа салалық индекстеу бойынша белгіленген негізгі қорлар /құрал-жабдықтар/ құнын көбейту коэффициенті /қайта есептеу

коэффициенттері/ бастапқы деректер болып табылады.

4. 1995 жылғы 1 қаңтардан бастап негізгі қорлар /құрал-жабдықтардың/ құнын қайта есептеу коэффициентін Қазақстан Республикасының Статистика

және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті белгілейді және ол аумақтық статистика органдары арқылы кәсіпорындарға, ұйымдар мен мекемелерге ж е т к і з і л е д і .

5. Егер құрылысқа және үйлерді, ғимараттар мен беруші құрылғыларды сатып алуға, сондай-ақ аяқталмаған құрылысқа шығындар әр түрлі уақыт кезеңдерінде жұмсалса, аталған қорларды индекстеу олар салынған немесе сатып алынған кезеңдер және осы кезеңдерге сәйкес келетін коэффициенттер бойынша ж е к е - ж е к е жү р г і з і л е д і .

6. Негізгі қорлар /құрал-жабдықтар/ мен амортизациялау /тозу/ жарналарын бухгалтерлік есеп-қисапта, есеп беруде және мемлекеттік статистикалық есеп беруде көрсету тәртібін, тиісінше, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті белгілейді.

7. 1995 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша негізгі қорлардың (құрал-жабдықтардың) объектілеріне нарықтық бағаны растау үшін мынадай тәсілдер пайдаланылуы мүмкін:

негізгі қорлардың (құрал-жабдықтардың) нарықтық құны туралы консультациялық немесе өзге де мамандандырылған ұйымдар растаған сараптық қ о р ы т ы н д ы л а р ы ;

дайындаушы кәсіпорындардан осындай өнімдердің бағасы туралы мәліметтерді жазбаша нысанда алу;

тауарлардың бағасы туралы сатушы немесе өзге ұйымдардың анықтамасы;

арнаулы басылымдарда жарияланған баға туралы мәліметтер.<*>

Ескерту. Қаулы 7-тармақпен толықтырылды - ҚРМК-нің 1995.07.13.

N 958 қаулысымен.

Кәсіпорындардың, ұйымдар мен
мекемелердің негізгі қорларын
/құрал-жабдықтарын/ индекстеу
тәртібі туралы ережеге

ҚОСЫМША

1994 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша негізгі қорларды қайта бағалау кезінде баланстық құнды қалпына келтіру құнына қайта есептеудің коэффициенттері
/ е с е /

Сатып алынған /енгізілген/кезең

Негізгі қорлар тобы

| 1993 жылы | 1994 жылы
1993 ж. | Жарты | Жарты | Жарты | Жарты

	1	2	3	4	5	6
Үйлер		81	57	12	4	1
Құрылыстар		81	57	12	4	1
Беру қондырғылары		98	48	16	6	1
Түсті металлургияға арналған машиналар мен жабдықтар, химия өнеркәсібі мен минералды тыңайтқыштар өнеркәсібіне арналған жабдықтар, химия өнеркәсібінің жылу алмастырғыш жабдықтары мен пештері және саланың басқа да арнайы жабдықтары, тракторлардың барлық түрлері		87	39	12	5	1
Мұнай-газ өндіру мен бұрғылауға арналған машиналар мен жабдықтар						
Турбиналық жабдықтар, металл кесетін жабдықтар. Жеңіл өнеркәсіптің технологиялық жабдықтары		66	25	9	4	1
орман, ағаш ұқсату, целлюлоза-қағаз өнеркәсібі мен тоқыма-галантерея өнеркәсібінің жабдықтары		88	43	11	5	1
Құю машиналары		98	55	17	7	1
Полиграфия өнеркәсібінің технологиялық жабдықтары.						
Автоматты станок желілері		83	31	10	5	1
Қара металлургияның машиналары мен жабдықтары		98	55	17	7	1
Күшті және жұмыс машиналары мен жабдықтардың жоғарыда аталғандардан басқа түрлері		88	43	11	5	1
Өлшеу және реттеу приборлары мен құрылғылары, лабораториялық жабдықтар		105	48	12	5	1
Есептеу техникасы		92	46	16	6	1
Темір жолдың жылжымалы құрамы		81	39	12	5	1

Көлік құралдарының басқа түрлері	93	54	14	6	1
Құрал-сайман, өндірістік және шаруашылық мүкәммал мен керек-жабдықтар	102	39	10	4	1
Жұмыс малы және өнім берген мал	60	26	13	4	1
Көпжылдық отырғызылатын және негізгі құралдардың басқа түрлері	60	26	13	4	1
Қоймада жатқан жабдықтар	88	43	11	5	1
Аяқталмаған құрылыс	81	57	12	4	1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК